апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 46/586

16 ноября 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

## "ОБЩЕНАРОДНЫЙ ДИКТАНТ" НА ЛАТИНИЦЕ НАПИСАЛИ ОКОЛО 2 МЛН ЧЕЛОВЕК

**Итоги первого "Общенародного диктанта" на казахском языке латинской графикой подвел министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиулы, сообщает Kazpravda.kz.**



Общереспубликанская акция охватила все регионы страны. В специальных аудиториях, подготовленных региональными управлениями по развитию языков, казахстанцы одновременно писали диктант. Кроме того, все желающие участвовали онлайн (дистанционно) – в прямом эфире радиостанций "Шалқар", "Қазақ радиосы" и на сайтах emle.kz, tilalemi.kz. Согласно суммарным данным, полученным изо всех регионов, от радиостанций и сайтов, численность участников составила около 2 млн человек.

"Общенародный диктант" поддержали известные деятели культуры, писатели, именитые артисты и спортсмены.

"Вместе со мной в Национальной академической библиотеке диктант писали всемирно известная оперная певица Майра Мухамедкызы, артист балета Бахтияр Адамжан, писатели Роза Муканова и Конысбай Абилов, культуровед Кентау Назарбек, поэтесса Жанат Аймухамбет, чемпион мира по дзюдо Максим Раков, призер международных соревнований Азамат Муканов и др. Как вы знаете, Глава государства поручил поэтапно перевести казахский язык на латинскую графику. И наш первый общенародный диктант на латинице – это практический шаг к модернизации общественного сознания. Масштабность мероприятия и интерес казахстанцев говорит о нашем всеобщем стремлении к духовному обновлению", – написал министр на своей странице в Facebook.

Главная задача мероприятия – популяризовать новый казахский алфавит на основе латинской графики. По словам главы МКС РК, диктант на тему "Рухани жаңғыру" был несложным, доступным для всех участников – от школьников до старшего поколения.

Текст состоял из 80 слов. Продолжительность диктанта составила 30 минут.

**Источник: www.kazpravda.kz**

*Рухани жаңғыру*

## ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ АШЫҚ ДИКТАНТ ӨТТІ



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы негізінде 2018 жылдың 14 қарашасында сағат 11:00-де республиканың барлық өңірлерінде бір мезетте латын әліпбиі негізінде Жалпыхалықтық ашық диктант ұйымдастырылды.**

Осыған орай, аталмыш шараға Приозерск қаласының барлық мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен оқу-шылары, балабақша тәрбиешілері сонымен қатар қалалық ауруxана қызметкерлері, полиция бөлімі, әскери бөлімнің қызметкерлері жалпыхалықтық ашық диктантқа жаппай белсене қатысты.



**Т.Т. Тукенова,**
***«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің латын әліпбиі бойынша әдіскері***

*«Рухани жаңғыру» аясында*

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕН ҰТАРЫМЫЗ КӨП

Әр ұлттың өзіндік бірізділігі, ерекшелігі ең бастысы оның тілімен белгіленеді. Сондықтан тілдің дамуы, өркендеуі қандай болса да этнос үшін өте маңызды. Ал, егер әңгіме Қазақстан Республикасының негізін құрайтын қазақ халқының тілі, еліміздің мемлекеттік тілі болып табылатын тіл жайында жүріп жатса, бұл үдерістердің маңыздылығы одан сайын арта түсетіні айқын. Латын әліпбиіне көшудің қазақ тілінің жаңаруы мен дамуына ықпалы орасан зор болмақ. Өркениетті елдердің қатарына ену жолындағы бұл бағыт бізді жаһандық кеңістікке жақындауға зор ықпал етеді. Өзіндік ерекшелігімізді айқындайтын тіліміз, салт-дәстүріміз, мәдениетіміз – бұл біздің ұлттық коды-мыз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017-жылғы 12-сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Сонымен қатар Елбасы білім беру жүйесінде жаңа алфавитті енгізуде әдістемелік база мен мұғалімдер дайындаудың қажеттігін атап көрсетіп, үкіметке кезеңдеп енгізу жоспарын әзірлеуді тапсырды. 2022-жылға дейін қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді аяқтап, 2022 жылы жылы мектептерде оқытуды бастау жоспарлануда. Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді? Бұл мәселе қандай қажеттіліктен туындап отыр?.. деген секілді сауалдар бүгінгі таңда әрбір қазақсатндықты ойландырып, толғандырып жүргені анық. Бұған әсіресе білім саласында қызмет жасайтын мамандар мен баспасөз қызметкерлері аса қызығушылық отырғаны сөзсіз. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін калыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінуге тиіспіз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең. Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал, қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі, атап айтқанда Өзбекстан, Түркменстан және Әзеррбайжан мемлекеттері негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, әдеби, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Бұл – табиғи құбылыс. Аталған ағайындармен іргеміз алшақтамау үшін өте қажет шара.

Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың шамамен 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен барлық жағынан жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткіміз келеді. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келеді. «Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік»- деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін бәріміз де санамызбен түсініп, оның шынында да, қазіргі қоғамға тигізер ықпалы туралы ойлануымыз қажет. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы бірталай пікірталастар туындай бастады. Әркім өздігінше, түсінігі һәм қабылдауы бойынша ойлары мен пікірлерін ортаға салып отырды. Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылатынын жоққа шығара алмаймыз. Халықаралық деңгейде ойлайтын ойшылдарымыз бен ұлттың нағыз жанашырлары латынға көшуді дәріптесе, кейбір зиялылар қауымы тарихтың бұл үрдісіне әліге дейін қарсы болып келеді. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз және осы заманның күйін күйттейтін болашақ ұрпақтарымыздың қамын ойлауымыз керек. Сонымен бұл мәселе бойынша баршамыз Елбасының айтқан сөзін қолдап, латын әліпбиіне көшудің жолдарын қарастыруға тиіспіз. Сондықтан бізге XXI ғасырдың күллі тынысын бойына сіңірген, жаһандану талабын ескеретін, отыз жылға жуық тәуелсіз тарихы бар жаңа түрпатты Қазақстанның бүгіні мен болашағын толық бейнелей алатын әліпби қажет әрі бұның заманның талабы екендігін тағы қайталап айтамыз. Қорыта айтқанда, заманның зыр қаққан жүрісінен қалыс қалмау үшін, дүние жүзіне әмірі жүріп тұрған латын әліпбиін бірыңғай қолданысқа енгізу – осы күнгі күр-делі және аса қажеттіісшара екендігін әрбіріміз мойындауға, оның аясын кеңейтуге үлес қосуға міндеттіміз.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.**

*ҚР Президентінің Жолдауы*

# ҚАЛАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТАУ ТОБЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА

**Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау мақсатында а.ж. 13 қараша күні Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беру орта мектебінде жоғарғы сынып оқушыларымен кездесу өтті.**

сының үкімет және Қазақстан халқына арналған жоспарланған реформалары мен міндеттерін түсіндірді. Білім беру бағдарламаларын қалыптастырудың жаңа тәсілдеріне қатысты проблемалық мәселелер талқыланды. Білім берудің, денсаулық сақтаудың, тұрғын үйдің, әрбір азаматтың жайлы және қауіпсіз өмір сүру сапасы мен қолжетімділігі



Ақпараттық-насихаттау тобының мүшелері: Приозерск қаласының № 1 жалпы білім беру орта мектебінің директоры Панар Айдарханқызы Жұмаханова және Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының басшысының міндетін атқарушы Алмас Ұлан Алмасұлы, оқушыларға Жолдаудың негізгі бағыттарын, атап айтқанда, Мемлекет басшы-

мәселелеріне тоқталды. Қазіргі кезеңде олардың орындалуына көңіл бөлу керектігін ескертті.

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ**

*Жаныңда жүр жақсы адам*

# СҮЙІКТІ ІСІ ҮШІН ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Өмірде жүрек қалауымен таңдаған мамандығын ғұмыр бойы сүйіп, бар ынтасымен қызмет ететін жандар аз емес. Сондай жандардың бірі «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Кенжебекова Павлина Сиязбекқызы мен кітапхана әдіскері Қозыгельдиева Шолпан Өмірзаққызы. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жұрт көп біле бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағытбағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Биыл Мәдениет Басқара-



масының және Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қолдауымен ҚР Ұлттық кітапхананың **«Кітапхана ісінің ардагері»** төсбелгісін Кенжебекова Павлина Сиязбекқызы иеленсе, **«Кітапхана ісінің үздігі»** төс белгісін Қозыгелдиева Шолпан Өмірзаққызы иеленіп, қаламыздағы кітапханашылар қауымының мәртебесін бір көтеріп тастады.

Шындығында кітапханашының еңбегі қоғам мен мемлекеттің дамып, өркендеуіне өте қажет әрі маңызды мамандық екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. Осындай қасиетті қазынамызды көздің



қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген абыройлы әріптестеріміз үнемі ізденіс үстінде жүреді.

Иә, расында кітапханашы – білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өл-шеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалайтын жауапты маман-дық. Сондықтан олардың үнемі ізденіс үстінде жүруі бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне оң әсер ететіні ақиқат.

«Мен кітапхананы ақыл –білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары санаймын»,- деп жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев айтқандай, осыншама қажырлы еңбектің жемісін көріп жатқан әріптестерімізді кітапхана ұжымының атынан құттықтай отырып, еңбекқор, табиғатынан зиялы, кез-келген қиындыққа төтеп бере алатын кітапханашылардың игілікті істері өркендей берсін демекпіз!

**«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ ұжымы**

*Рухани жаңғыру*

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТЫ ӨЗЕГІ – ТІЛ

*Тіл дегеніміз – әр адам бір кірпіштен қабырғасын қалайтын қала.*
*Ральф УолдоЭмерсон*
*«Хаттар және әлеуметтік мақсаттар», 1876*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты санаға серпіліс әкелген бағдарламалық мақаласында « ... Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз»деп атап көрсеткен. Осы оқулықтардың бірі және бірегейі – «Жаңа гуманиталық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған «Тіл біліміне кіріспе. Халықаралық басылым» (An Introduction to Language. International edition) оқулығы. Авторлары Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамс – осы саладағы өздерінің ғылым саласындағы жетістіктерімен және құнды зерттеулерімен тіл саласымен айналысатын мамандарға белгілі шетелдік ғалымдар.

Кітап жалпы оқырман қауымға лингвистика ғылымы жөнінде алғашқы мағлұмат беруді көздейді . Он екі тараудан тұратын аталмыш еңбектің бірінші тарауында тілдің пайда болуына байланысты пайымдаулар, тіл мен ой, жануарлар тілі, ым тілі қарастырылады. Екінші тарауда сөзжасам, морфология грамматикасы сипатталады. Сөз – тіл білімінің маңызды бөлігі және ментальды грамматиканың құрамдас бөлшегі екені дәлелденеді. Үшінші тарауда толығымен синтаксис заңдылықтары, категориялары зерттеледі, соның ішінде ым тілінің синтаксисіне де көңіл бөлінеді. Төртінші тарау «Тілдің мағынасы» атауымен берілген барлық тілдік құбылыстардың мағынаға келіп тірелетіні нақты мысалдармен көмкерілген. Бесінші және алтыншы тараулар фонетика мен фонологияға арналады, әсіресе фонологиялық заңдылықтарға ерекше назар аударылған. Жетінші тарауда тіл және қоғам мәселесі аясында әлеуметтік лингвистика қағидаттары мен факторларына, оның негізінде тілдердің өмір сүру және қолдану тағдырына әсер ететін жағдайлар да назардан тыс қалмаған. Сегізінші тарауда тілдік байланыс және тілдердің типологиясы туралы мәселелер тілге тиек етілген. Тоғыншы «Тілді меңгеру» тарауында балалардың лингвистикалық қабілеті, былдырлаудан бастап тілде жатық сөйлеуге дейінгі тілді меңгеру кезеңдері, фонологияны, сөз мағынасын, морфологияны, синтаксисті, прагматиканы, ым тілдерін меңгеру мәселелері айқын көрініс тапқан; сонымен қатар лингвистикалық ортаның рөлі, көп тіл білу, билингвизм теориясы, екінші тілді меңгеру, оның ана тілімен арақатынасы туралы мәселелер нақтыланған. Оныншы тарау психолингвистикалық негізде тіл мен адам миы үйлесімі, сөйлеу актісінің негізгі белгілері, ақпаратты қабылдау, өңдеу, оны қолдану мәселелері туралы оқырмандарды хабардар етеді. Сонымен қатар, афазия синдромы, ми сыңарларының қызметі, нейролингвистикалық зерттеулердің нәтижелері баяндалады. Он бірінші тарауда компьютерлік лингвистика, яғни табиғи тілдер мен компьютер тілінің өзара байланысын зерттейтін ғылымның соңы жетістіктер баяндалып, соның аясында лексикографияға, машиналық аудармаға және компютерлік сот лингвистикасына қатысты мәселелер талқыланады. Он екінші тарау « Жазба тілдердің негіздері» деп аталып жазу тарихы, қазіргі жазу жүйелерін, жазу және сөйлеу, емле жүйесі, орфоэпия, псевдожазу сияқты қызу талас тудыратын мәселелер де оқырманның көңілінен шығады деп сенеміз.

Кітаптың тағы бір құндылығы – әр тараудан кейін қосымша оқуға арналған әдебиеттер тізімінің берілуі және әр түрлі деректерден алынған және бірнеше шетел тілдерінде келтірілген жаттығулар жүйесінің болуы. Кітаптың соңында мазмұнмен жұмыс істеуді жеңілдететін 700-ге жуық терминдерді қамтитын глоссарий берілген. Оқулықта келтірілген мультфильмдер және кез келген тараудың басында қоғам дамуының әр кезеңінде өмір сүрген атақты адамдардың тілге қатысты қанатты сөздерінің берілуі оқу үдерісінде ойтамызық болып, қуаныш сәттерді сыйлайды деп айтуға болады.

Елбасымыз жаңа оқулықтарды бірегей гуманитарлық кітапхана деп бағалады, оның қағаз, электронды форматта және үздік дәріс берушілердің ашық дәріс видеотекасы болуы маңызды. Осындай сапалы дайындалған құнды оқулықтар кейін латын қарпімен басылып шет елдерде тұратын қандастарымызға да қол жетімді болатыны көңілімізге қуаныш ұялатады.

**Қағазбаев Жаңбырбай,**
***КарМУ-дың доценті, шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы***

*Мемлекеттік қызмет*

# ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СТАНДАРТТАРЫ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 29.05.2015 жылғы № 4-4/500 бұйрығымен өсімдіктер карантині саласындағы «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру», «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» және «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» мемлекеттік қызметтерді көрсетудің стандарттары бектілген. Бұл Стандарттарда, мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі, мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымды адамдардың шешімдеріне шағымдану тәртібі және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын өзге талаптар айқындалған. Осы Стандарттарға сәйкес, Приозерск қаласы бойынша карантин саласындағы мемлекеттік қызметтерді тікелей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы көрсетеді немесе «электрондық үкімет» **www.e.gov.kz** веб-порталы және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы" арқылы алуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 01 қазандағы № 15-05/873 бұйрығымен өсімдіктер карантині саласындағы «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру», «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» және «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттері бектілген. Регламенттерде, мемлекеттік қызметтерді көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің және олардың өзара іс-қимылдары тәртібінің сипаттамалары, порталмен немесе өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамалары айқындалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекен-жайы Ауыл шаруашылығы министрлігінің **www.minagri.gov.kz** интернет-ресурсында орналасқан.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қатысты ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы немесе Приозерск қаласы, Пушкин көшесі 9/2 мекен-жайы бойынша алуға болады.

**З.Кусаинова,**
***«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің бас маманы-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор***

# КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОН О РЕЛИГИИ СЕЙЧАС РАССМАТРИВАЮТСЯ?

*Новое в законодательстве*

**Министерство по делам религий и гражданского общества приступило к разработке проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений». Какие изменения нас ждут и что они смогут нам дать? Подробно об этом в интервью ИА BNews.kz рассказал и.о. председателя Комитета по делам религий Министерства по делам религий и гражданского общества Кулекеев Бахытжан Кенесович.**

***- Бахытжан Кенесович, вчера Главой государства была утверждена Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы. Скажите, пожалуйста, в чем актуальность и необходимость данного документа?***

-Во-первых, хочу отметить, что сама Концепция в стране разработана и утверждена впервые. И в этом качестве она является основой для принятия системных мер, направленных на укрепление и регулирование религиозной сферы.

Необходимость разработки и утверждения Концепции вытекает из актуальности вопросов религиозной сферы, остающиеся в настоящее время наиболее актуальными в сфере внутренней политики.

Казахстан за годы независимости сформировал собственную модель государственно-конфессиональных отношений, признанную мировым сообществом.

Зарегистрированные субъекты религиозных отношений осуществляют свою деятельность в рамках закона. Они вносят свой вклад в развитие духовно-нравственных ценностей, в формирование гармоничной личности гражданина Казахстана.

Государство, как гарант прав и свобод граждан и регулятор общественных отношений, уделяет значительное внимание развитию религиозной сферы.

Вместе с тем, мы видим, что сегодня проявляются определенные негативные проявления в религиозной сфере, такие как деструктивная деятельность по отношению к государству, общественным институтам, неприятие отдельными гражданами общепринятых светских норм и правил поведения, более того оправдание религиозными постулатами криминальных деяний и преступлений.

Число граждан нашей страны, главным образом молодежи, попавших под воздействие различных псевдорелигиозных течений и создающих угрозу безопасности всему казахстанскому обществу, несомненно, вызывает тревогу.

Подобные процессы, происходящие в сфере религии, сегодня обуславливают необходимость выработки нового концептуально-аналитического подхода для совершенствования государственной политики в сфере религии и решения актуальных проблем.

Хочу отметить, что ситуация в религиозной сфере имеет ключевое значение для общественно-политической стабильности и безопасности государства. И от того, как будет реализовываться государственная политика в этой сфере, во многом зависит вектор дальнейшего развития страны.

Актуальность разработки и утверждения Концепции обусловлена выше обозначенными факторами и необходимостью определения главных векторов государственно-конфессиональной политики, направленной на укрепление светскости государственного устройства, обеспечение стабильности в религиозной сфере.

Считаю, что, эффективная реализация утвержденной Концепции будет способствовать дальнейшему воплощению в жизнь основных ценностей и принципов Конституции светского Казахстана и выступит основой для принятия системных мер, направленных на укрепление и регулирование религиозной сферы Казахстана.

В целом, эффективность реализации Концепции и, соответственно, безопасность и стабильность в казахстанском обществе зависят от конструктивного взаимодействия органов государственной власти и институтов гражданского общества, в том числе СМИ.

***- Известно, что сейчас министерство приступило к разработке законопроекта в сфере религии. Не могли бы рассказать об основных изменениях, которые будут вноситься в законопроект?***

-Действительно, в рамках реализации задач Концепции в настоящее время нами разрабатывается проект закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам религиозной деятельности и религиозных объединений».

Здесь надо отметить, что изменения и дополнения, вносимые в законодательство, во многом формируются на основе запросов и предложений общественности. В их числе такие вопросы, как регулирование получения молодежью образования в зарубежных теологических учебных заведениях, пресечение незаконного вовлечения несовершеннолетних в религиозную деятельность, недопущение обряда бракосочетания в мечетях без свидетельства о бракосочетании от органов ЗАГС, запрет на продажу (распространение) религиозной литературы подросткам, совершенствование регулирования миссионерской деятельности и многие другие вопросы, касающиеся религиозной сферы.

Несомненно, предложений со стороны общественности много. Мы со своей стороны тщательно изучаем их. Если данные предложения будут содействовать регулированию религиозной деятельности, то, несомненно, они найдут свое отражение в определенных законодательных нормах.

***- В настоящее время в казахстанском обществе широко обсуждаются высказывания Главы государства о рассмотрении запрета черных одеяний и внешнего вида некоторых «особо религиозных» верующих. Ваше мнение по этим вопросам?***

-К сожалению, приходится констатировать, что идеология радикальных течений, нетрадиционного для казахстанского общества, для отдельных граждан нашей страны является притягательной. В основном такие граждане больше акцентируют внимание на внешних атрибутах религиозности. Некоторые молодые люди, беспорядочно отпускают себе бороду, подрезают брюки, девушки одевают полностью покрывающие тело черные одеяния.

Используя внешние атрибуты религиозности, они вносят смуту и тревогу в общество, навязывая другим свое ошибочное понимание истинной сущности Ислама. Это, в свою очередь, размывает устоявшиеся традиционные ценности верующей части общества.

Иногда такие люди в своем фанатизме доходят до радикальных мер. Так, практически все террористические группы последних лет, совершившие теракты в Казахстане, состояли из молодых людей с такими крайними фундаменталистскими взглядами.

Поэтому сегодня наряду с другими вопросами изучается возможность юридического запрета или ограничения на публичную демонстрацию внешних атрибутов принадлежности к деструктивным религиозным течениям.

Следует отметить, что на сегодняшний день в обществе сложилось ошибочное мнение касательно запрета на ношение черных одеяний. По этому поводу бывший Министр по делам религий и гражданского общества Нурлан Ермекбаев недавно уже отметил, что вопрос о запрете на черные одеяния не предполагает запрет на платки и хиджабы. Речь идет о запрещении ношения предметов одежды, препятствующих распознаванию лица в общественных местах (никаб, чадра, паранджа, балаклава).

Президент страны во время встречи с представителями духовенства осудил людей, пытающихся своим поведением, внешним видом внести раскол в общество и поручил Министерству рассмотреть вопрос о законодательном запрете.

Во исполнение поручения Главы государства Министерством по делам религий и гражданского общества совместно с другими государственными органами будет проведен тщательный анализ действующего законодательства, международного опыта и общественного мнения. Только после всестороннего изучения этого вопроса будут приниматься взвешенные решения по введению каких-либо ограничений.

***- Сегодня со стороны некоторых граждан наблюдается активное навязывание своего понимания религии. Как Вы на это смотрите?***

-Во-первых, навязывание религии в нашей стране недопустимо. Так как граждане Казахстана живут в демократической стране, каждый имеет право исповедовать и практиковать любую религию или не исповедать никакую религию. Согласно действующего Закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», не допускается оскорбление религиозных чувств.

В последнее время участились случаи поступления в Министерство многочисленных жалоб от наших граждан по фактам оскорблений, унижений и обвинений в их «вероотступничестве» или «неверии» со стороны представителей различных псевдорелигиозных организаций и радикальных религиозных течений.

Если говорить о сторонниках и последователях радикальных исламских течений, то одним из проявлений религиозного радикализма с их стороны является обвинение в неверии или в недостаточной набожности, как верующей, так и неверующей части мусульманского населения страны.

В связи с этим, сейчас в рамках законодательных изменений и дополнений рассматривается вопрос о конкретизации норм, защищающих права всех граждан вне зависимости от их отношения к религии и убеждений. В законопроекте предлагается рассмотреть вопрос о недопущении умышленного оскорбления чувств всех граждан в связи с их взглядами на религию.

Кроме того, обеспечение прав всех граждан – как верующих, так и неверующих соответствует международно-правовым обязательствам Республики Казахстан.

Подытоживая хотел бы отметить, что нашим ведомством проводится системная работа по реализации государственной политики в религиозной сфере, продвижению светских принципов развития страны, укреплению межконфессионального согласия и противодействию распространения идеологий различных деструктивных религиозных течений и она будет продолжена в дальнейшем.

**Источник: ИА BNews.kz**

## ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА




| | Банки второго уровня | Программа 7-20-25 |
|---|---|---|
| Сред. сумма ипотечного кредита | 10 млн. тенге | 10 млн. тенге |
| Ставка вознаграждения | 16 % | 7% |
| Первоначальный взнос | 30% | 20% |
| Срок кредита, лет | 15 | 25 |
| Ежемесячный платеж в месяц | 104 000 тенге | 57 000 тенге |




**2. Дальнейшее развитие ресурсного потенциала**



# ОТ БЛОКЧЕЙНА ДО ИПОТЕКИ: 10 ДОСТИЖЕНИЙ НАЦБАНКА В СОВРЕМЕННЫХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ

**Вместе с Национальным банком рассказываем о важных событиях для казахстанской экономики и граждан с 2016 по 2018 год.**

**1. Снижение уровня инфляции**

По данным Нацбанка, за два года уровень инфляции в Казахстане снизился почти в три раза и к октябрю 2018 года составил 5,3%. Долгосрочная цель регулятора – снизить уровень инфляции до 4% к 2020 году. Чтобы стабилизировать цены на внутреннем рынке, с 2015 года Нацбанк использует инфляционное таргетирование (ИТ). Это режим кредитно-ценовой политики, при котором Центральный банк страны изменит процент базовой ставки, выдавая кредиты банкам второго уровня. Повышенная ставка вынуждает население и бизнес меньше тратить и больше откладывать, что приводит к постепенному снижению уровня инфляции и торможению экономического роста страны. Обратная мера – снижение базовой ставки – обеспечивает более выгодные условия кредитования, соответственно, возрастает покупательская способность населения. Параллельно замедлению инфляционных процессов за три года Нацбанк снизил базовую ставку с 17% до 9%. На октябрь 2018 года базовая ставка составила 9,25%.

**2. Увеличение золотовалютного запаса**

К концу мая 2018 года объём золотовалютных активов Нацбанка увеличился на 3,3%, составив 31,2 млрд долларов. С января 2016 года по сентябрь 2018 года объём портфеля золота в золотовалютном резерве увеличился с 7,6 млрд долларов до 12,8 млрд долларов. В физическом эквиваленте объём драгоценного металла равен 355 тоннам, обеспечивая Казахстану 15-е место в мире по запасам золота.

**3. Новая стратегия инвестирования валютной части пенсионных активов**

С начала 2016 года Национальный банк увеличил валютную часть пенсионных активов с 17% до 31% от общего портфеля, а объём инвестиций в финансовые инструменты иностранных эмитентов (т. е. юридических лиц, обладающих правом выпускать ценные бумаги) вырос с 6,5% до 22,5% от объёма пенсионных активов. Такой вид инвестирования направлен на повышение качества и ликвидность инвестиционного портфеля ЕНПФ, а также на защиту пенсионных накоплений вкладчиков в периоды ослабления национальной валюты.

Цель Нацбанка – увеличить доход от инвестирования в ценные бумаги различных зарубежных эмитентов в разных секторах экономики, поэтому регулятор покупает незначительные доли каждого выпуска ценных бумаг, входящих в такой индекс облигаций развивающихся стран, как JPMorgan EMBIG (Emerging Markets Bond Index Global) или глобальный индекс акций MSCI World (Morgan Stanley Capital International). В управлении валютной частью пенсионных активов вместе с Нацбанком участвуют зарубежные компании – мировые лидеры в области процессуального управления активами. Такая мера должна повысить общую доходность пенсионных активов ЕНПФ в долгосрочной перспективе. К 1 октября 2018 года доходность пенсионных активов вкладчиков ЕНПФ за последние 12 месяцев составила 9%, а за вычетом 6,1% инфляции – 2,9%. К примеру, в 2017 году тот же показатель реальной доходности пенсионных активов составил 0,82%.

**4. Привлечение новых инвестиций и улучшение бизнес-климата в стране**

Летом 2018 года международная расчётно-клиринговая организация Clearstream включила в свою систему государственные ценные бумаги (ГЦБ) Республики Казахстан и ноты Нацбанка, расширив доступ иностранных инвесторов к казахстанскому фондовому рынку. Кроме того, по данным рейтинга Всемирного Банка “Doing Business” на 31 октября 2018 года Казахстан занял 28-е место среди 190 стран по лёгкости ведения бизнеса. Также Казахстан сохранил первое место в категории “Защита миноритарных инвесторов”. В Нацбанке отмечают, что за последние три года проделали значительную работу по улучшению бизнес-климата в стране, в том числе по снижению административных барьеров, развитию фондового рынка и повышению качества корпоративного управления.

**5. Усиление контроля над валютными операциями внутри страны и ограничение процентных ставок онлайн-кредитования**

Летом 2018 года вступил в силу Закон "О валютном регулировании и валютном контроле" с пакетом поправок в действующее законодательство. Потребность в нём появилась, в том числе, для регулирования валютных операций на территории международного финансового центра "Астана" и специальной экономической зоны в Хоргосе. Ещё один фактор – вступление Казахстана во Всемирную торговую организацию. Новый закон позволил государству усилить контроль над валютными операциями внутри страны и сократить иностранную валюту в расчётах на территории Казахстана.

Также усилены меры по противодействию незаконному выводу капитала из страны и риск-ориентированному надзору за финансовыми институтами вплоть до ограничения их активных и пассивных операций. Совместно с экспертами N M Rothschild & Sons и PricewaterhouseCoopers Нацбанк внедрил методологию SREP (Supervisory Review and Evaluation Process), позволяющую своевременно выявлять и предотвращать риски в деятельности финансовых организаций. Теперь для оздоровления проблемных банков национальный регулятор может применить такую меру, как разделение убытков с акционерами и кредиторами для сокращения государственных расходов.

**В целях защиты прав потребителей государство ограничило процентную ставку онлайн-кредитов до 100 % годовых. Теперь предельно допустимая задолженность физических лиц не может превышать двукратного размера займа, хотя ещё недавно процентные ставки у недобросовестных кредиторов доходили до 800% –1000% годовых.**

**6. Создание первого государственного онлайн-сервиса по технологии блокчейн**

27 марта 2018 года Национальный банк запустил систему **Invest Online** – официальное мобильное приложение, через которое казахстанцы могут покупать и продавать государственные ценные бумаги – краткосрочные ноты Нацбанка на 50 млрд тенге, выпущенные 27 марта на год с доходностью 8,5%. За 9 месяцев население купило ноты на сумму 326 млн тенге и ежедневно инвестировало 1,8 млн. тенге. **Invest Online – первый случай применения технологии блокчейн на государственном уровне.** Также Нацбанк впервые запустил собственные электронные деньги, быстро конвертируемые в тенге. Все операции доступны онлайн.

**7. Поддержка в развитии электронной коммерции**

После принятия нового Закона Республики Казахстан "О платежах и платёжных системах" в 2016 году к функциям Нацбанка прибавились введение реестра платёжных систем, учётная регистрация платёжных организаций, а также регулирование и контроль рынка платёжных услуг. Сегодня в Казахстане зарегистрировано 20 платёжных систем, две из них национальные и 18 частных. В 2018 году по итогам 9 месяцев коэффициент работоспособности национальных платёжных систем составил 100%. Также на казахстанском рынке функционируют 18 систем электронных денег, к ним относятся 10 банков и АО "Казпочта". По итогам трёх кварталов 2018 года казахстанцы совершили 94 миллиона транзакций на сумму более 421 миллиарда тенге, что превысило объём операций с использованием электронных денег за весь 2017 год.

**8. Упрощение финансовых и государственных онлайн-услуг**

С начала 2018 года Нацбанк упростил некоторые онлайн-услуги для финансовых организаций и населения. Сегодня в 4 банках (АО "ForteBank", АО "Цеснабанк" и АО "Народный Банк Казахстана", АО ДБ "Альфа Банк") можно открыть банковский счёт через специальный сервис на сайте Egov при электронной государственной регистрации юридического лица.

В 2017 году Нацбан наладил работу всех банков второго уровня с платёжным шлюзом электронного правительства. После совершения клиентских платежей, оплаты налогов и государственных услуг банки моментально передают информацию о проведённых операциях госорганам.

**9. Развитие ипотечного кредитования через программу “7-20-25”**

В 2018 году по инициативе главы государства правительство утвердило программу ипотечного кредитования “7-20-25”. Для её реализации Нацбанк создал организацию-оператора АО "Ипотечная организация “Баспана”. Оператор привлекает на фондовом рынке средства для выкупа у банков прав требования по ипотечным займам, используя рыночные механизмы финансирования через выпуск облигаций.

В результате население получило льготные условия для ипотечного жилищного займа по ставке 7% годовых, с первоначальным взносом в размере 20% от стоимости приобретаемого жилья и сроком займа до 25 лет.

**10. Поддержка аграрного сектора**

В целях финансового оздоровления предприятий агропромышленного комплекса и их дальнейшего кредитования правительство совместно с Национальным банком выкупило портфель сельскохозяйственных кредитов у АО “Цеснабанк” на сумму 450 млрд тенге. Такое решение должно усилить финансовую устойчивость Цеснабанка, при этом акционеры банка примут участие в оздоровлении заёмщиков за счёт собственных средств путём его декапитализации в размере 40 млрд. тенге.

**Источник: https://informburo.kz**

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

### «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

**Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» КМҚК директоры.** Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайы» ҚМКК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101100 Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Кисунько көшесі 7а үй, тел. 8 (71039) 54529.

**Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжай-бақшасы» КМҚК директоры,** Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» ҚМКК орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101100 Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Жеңіс бульвары 32/2 үй, тел. 8 (71039) 55131.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары педагогикалық білімі және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің 5 жылдан кем болмауы тиіс.

**Конкурсқа жіберілген үміткерлер** белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысуға жіберілген адамдар тізімдері бекітілген соң он күнтізбелік күн ішінде Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 3 кабат 1 кабинет, мекенжайы бойынша «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әңгімелесуден өтеді.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:** көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш; мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; еркін нысанда жазылған өмірбаян; білімі туралы құжаттардың көшірмелері; еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін; бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

**Құжаттар** БАҚ ресми басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі мекенжайға тапсырылуы тиіс: Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23, 1 каб. (үшінші қабат), байланыс телефоны:
+7 (71039) 54190.

## ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

### Государственное учреждение «Отдел образования города Приозерск» объявляет конкурс на занятие вакантной должности:

**Директор КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» города Приозерск»**. Местонахождение КГКП «Ясли-сад «Балбөбек» города Приозерск» 101100, Карагандинская область, город Приозерск, улица Кисунько 7а, тел. 8 (71039) 54529.

**Директор КГКП «Ясли-сад «Балақай» г.Приозерск».** Местонахождение КГКП «Ясли-сад «Балақай» города Приозерск» 101100, Карагандинская область, город Приозерск, улица бульвар Женис 32/2, тел. 8 (71039) 55131.

**Требования к квалификации**: высшее педагогическое образование и стаж педагогической работы в дошкольных организациях - не менее 5 лет.

**Кандидаты, допущенные к участию в конкурсе,** проходят собеседование в установленном порядке в ГУ «Отдел образования г.Приозерск» по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 23, каб. 1 в течение десяти календарных дней после утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе.

**Документы, необходимые для участия в конкурсе**: заявление об участии в конкурсе; резюме на государственном и русском языках; автобиография в произвольной форме; копии документов об образовании; копию документа, подтверждающую трудовую деятельность; справка о состоянии здоровья. **Документы должны быть представлены** в течение 15 календарных дней со дня опубликования объявления о проведении конкурса в СМИ по адресу: г.Приозерск, ул.Достык, 23, каб.1 (3 этаж), конт.тел.: +7 (71039) 54190

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Акбердинова Марата Аскаркуловича**, умершего 31 июля 2018 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: ул.Кисунько, д.1-Б, тел.8-775-162-70-05

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Рыштаковой Нины Петровны ,** умершей 31 марта 2014 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: ул.Кисунько, д.1-Б, тел.8-775-162-70-05

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 46/586. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*